

ҚЫСҚЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУ-2018



Қаңтар айының 22-і мен 26-ы аралығында Алматы жолаушылар көлігі және технологиялар колледжінде «**Білімнің салтанат құруы – ұлттың бәсекелік қабілетінің кепілі**» тақырыбында оқытушылар мен өндірістік оқыту

шеберлерінің І-ші педагогикалық оқуы өтті.

Іс-шараның мақсаты: - Колледж оқытушыларының педагогикалық тәжірибесін тарату, зерделеу және жинақтау, ортақ әдістемелік тақырып бойынша педагогтардың қызметін ынталандыру. Аталмыш іс-шарада аптаның әр күніне пәндік бірлестіктер педагогикалық оқуларын жоспарлап бағдарлама жасады.

Колледжде өткізілген Қысқы педагогикалық оқудың жалпы мәні мен маңызы жоғары болды. Оқытушылар тәжірибелерімен бөлісіп, пікір алмасты. Әр педагогикалық оқуда инновациялық технологияларды қолданудың ерекшеліктері мен қиындықтары анықталды. Әр пән бірлестіктері өткізген педагогикалық оқуда жаңа идеялар, жаңа жобалар бастау алды.

Педагогикалық оқудың оқытушылардың болашақ тәжірибесіне берері мол екендігіне сеніміміз мол.

Колледж директоры Сүлейменов Сейтбек Тоқтамұратұлы



Қысқы педагогикалық оқуды «Қоғамдық пәндер» бірлестігі «*Өмір сүруге, адам және тұлға болуға үйрену*» тақырыбымен ашты. Оқытушылар «Колледж түлігінің моделін» жан-жақты тұлға ретінде қалыптастыруда қоғамдық пәндердің рөлін көрсете білді. «Ақпараттық технологияның сабақта пайдаланудың тиімділігі» атты баяндама талқыланды. Тыңдаушылар рухани-адамгершілікке негізделген «Мейірімділік сабағы» тренингінде медитация арқылы өзінің ішкі әлеміне қалтқысыз үңіліп, барлық рухани назарын жан дүниесіне бағыттап, санасын мазмұнға терең батыра алды. Ал, «Миллионер болғыңыз келе ме?» атты ойында нарықтық экономика заманында ақшаны қалай үнемдеу керек жолдары түсіндірілді. Ойын соңында экономикалық сұрақтар қойылып, сыйлықтар берілді. Пед. оқу соңында қоғамдық пәндер оқытушылары тыңдаушылармен «Кері байланысқа» түсіп, пікірлерін тыңдады.



Гуманитарлық пәндер бірлестігі өткізген қысқы педагогикалық оқуда педагогикалық технологиялардың әдістерін тиімді пайдаланудың жолдарын көрсетті. Сонымен қатар, оқытушылар өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық "жаңалық" ашуы, шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде білім алушылардың дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасуы керектігіне баса назар аударды.

Ағылшын пәнінің оқытушысы қазіргі білім талабы «Үш тілді еркін меңгеру» мақсатында кәсіби ағылшын тілі пәніндегі «Parts of car» панорама сабағын берудегі тәжірибесімен бөлісті. Жас оқытушылардың тыңдаушылармен жүргізген «Диалог құру» тренингі, «Қара, оқы» сергіту ойынында караокемен ән шырқатып, сабақта сергіту сәтінде қолдануға болатын әдіс тәсілдерімен бөлісті. Өйткені бұл әдістер - білім алушылардың логикалық және аналитикалық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді және эмоционалды саланы дамытуға қызмет етеді. Бұл әдіс көркем ойлауға, есте сақтауға мүмкіндік береді.

Колледж психологі білім алушылармен қарым қатынас жасауда көмегі болатын «Невербальді қатынас» психологиялық тренингін өткізді. Гуманитарлық пәндер бірлестігінің өткізген іс-шараларының оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері үшін берері мол екендігіне сеніміміз мол.



Физика-математикалық пәндер бірлестігі өткізген Қысқы педагогикалық оқу *«Педагогтың кәсіби құзыреттілігі»* деп аталды. Бірлестік оқытушылары педагогикалық оқуға барлығы дерлік үлкен дайындықпен келген. Жаратылыстану пәндерін оқытудағы модульдік оқыту технологиясының тиімділігін және педагог құзыреттілігі туралы ашып көрсетілді. «Үш тұғырлы тіл» бағдарламасы бойынша математика пәнін ағылшын тілінде оқытудағы әдіс-тәсілдермен бөлісті. Оқытушылар сабақтарында ойын элементтерінен көбіне рөлдік ойындар әдісін пайдаланатындығын атап өтті. Бұл әдіс білім алушыларға топта отырып пікір бөлісу, өз ойын анық жеткізу, өз білім деңгейін тексеру және ұйымшылдыққа тәрбиелеудің негізі болып табылатындығын сипаттады. Бірлестікте тәжірибелі де, жас оқытушылар да көптеген тренинг, ойын түрлерін көрсетіп, бірлестікте құзыреттілігі жоғары педагогтардың қызмет істейтіндігін дәлелдеді. Тыңдаушылармен «Тропикалық жаңбыр» деп аталатын рефлексия өтті. Білім алушылармен өткізілген рефлексияның нәтижесінде әр балада сыни көзқарас қалыптасады, өз – өзіне баға бере алады, білім алуға деген қызығушылық жоғарылайды. Педагогикалық оқуда бұл бірлестіктегі жас оқытушылар, нағыз жаңа формациядағы оқытушылар екендігін көрсетті. Іс-шара соңында педагогтар жұмыстан соң тынығуға, шығармашылықпен айналысуға арналған керемет әдіс - жеке хоббиларымен тыңдаушыларды таңқалдырды. Жас оқытушылар қазіргі нарық заманында жақсы хоббиды кәсіп көзіне айналдыруға болатынын айтты.

Бірлестік оқытушылары дайындаған педагогикалық оқуларымен әріптестеріне керемет көңіл күй сыйлады. Ал, әріптестері бірлестік оқытушыларына алғыс, шығармашылық шабыт тіледі.



«Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығының бірлестік оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері Қысқы педагогикалық оқуда теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру маңыздылығын басым көрсетті. Арнайы пәндерді оқытуда жалпы пәндермен байланысын кіріктіру әдісімен білім алушылардың оқу-танымдық белсенділігін жетілдіруге болатындығымен бөлісті. Бұл мамандықтағы Құзыреттілікке негізделген оқытудың модульдік технологиясын қолдану - бүгінде сапалы білім беру негізгі шарттарының бірі екендігін атап өтті. Интерактивті әдіс арқылы – білім алушыға жаттанды білім беру емес, керісінше әр білім алушының танымдылық қабілеттерін және танымдық үдерістерді, яғни қойылған сұраққа бірнеше нұсқалы жауап беру, ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілеттерін, сөздік қорын белсенді түрде дамыту болып табылатындығына баса назар аударды.

Бірлестіктің жас оқытушылары топтағы білім алушылардың өзара қатынастың ахуалын жақсарту үшін өткізілетін «Өрмекші торы» жаттығуын тыңдаушылармен жүргізді.




«Шаштараз өнері және сәндік косметика» мамандығының бірлестік оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері мамандыққа баулу мақсатында қол жеткен табыстары және жеңіске жету жолдарының қыр-сырымен ой бөлісті. Ағылшын тілін CLIL әдісі арқылы үйрену жолдарын, қандай интерактивті әдістерді пайдаланатындығын және олардың осы пәндегі тиімділігі туралы баяндалды. Білім алушыларға жаңа сабақ бастамас бұрын бүктелген суретті көрсетіп, олардың пайымдауына, талқылануына қарай сабақтың тақырыбын және оның мақсаттарын оқытушы қояды.

Оқытушылар бұл мамандықтағы Құзыреттілікке негізделген модульдік оқыту технологиясын пайдаланудағы тәжірибелерімен бөлісті. Өндірістік оқыту шеберлерінің жүргізген шебер-кластары тыңдаушылардың көңілінен шықты.



«Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығының бірлестігі ұйымдастырған педагогикалық оқуы сәндік киімдер үлгісі тамашалаудан басталды. Оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері қозғаған әрбір тақырып тыңдаушылардың көңілінен шығып, өз мамандығының шеберлері екендігін таныта білді. Адамдар үшін керекті күнделікті өмірде қажетті киім тігіс жолдарын көрсетті. Киім тігу маманы үшін сын тұрғысынан ойлау технологиясының маңызды екендігіне сипаттама берді. Тәжірибе сабақтарында АКТ – ны кеңінен қолдану сабаққа деген білім алушылардың қызығушылығын арттыратындығын айтты. Іс-шара соңында тыңдаушылардың пікірін білу мақсатында «Салфетка» ойыны арқылы кері байланыс жүргізілді.



«Қала электр көліктерін пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу» мамандық бірлестігі педагогикалық оқуды «Ертегі» қойылымымен бастады. Қойылым мамандықты дәріптеу, таныстыру мақсатында өтті. Бірлестік мүшелері педагогикалық оқуларын ұйымшылдықпен, үлкен дайындықпен жоғары деңгейде өткізілді. Бірлестіктегі тәжірибелі оқыту шеберлері мамандықтың тарихынан бастаса, жас оқытушылар оқытудағы жаңа технологиялардың түрлерін, тәжірибе өткіздегі жаңа әдістермен толықтырды. Бірлестіктегі көрсетілген іс-шаралар үйлесімді шықты. Тәжірибе сабағын өткізудегі техникалық қауіпсіздік ережелерімен таныстырып, тыңдаушыларды өмірде кездесетін қауіптіліктен қорғану тәсілдерін үйретті. Сергіту сәтінде ойын ойнатылып, әнде айтылды.



«Алғашқы әскери дайындық пен денешынықтыру тәрбиесі» пәндері бірлестігінің оқытушылары қысқы педагогикалық оқуларын колледждің спорт залында өткізді. Алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушылары төтенше жағдайлардан қорғану әдістерін көрсетсе, денешынықтыру тәрбиесі пәнінің оқытушылары әріптестерін төзімділікке және суық күндері қалай денсаулықты күту жолдарын үйретті. Спорттық ойындар ойнатылып, жеңген бірлестіктерге директордың атынан сыйлықтар табысталды.

Колледж директоры Сүлейменов С.Т. қаңтар айының 1 аптасында өткен Қысқы педагогикалық оқуды өте жоғары деңгейде ұйымдастырғандары үшін барлық колледж оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлеріне Алғыс айтты.